

2010 жылғы арналған арнаулы салық режимінде жұмыс жасайтын кәсіпкерлердің бір салық салу объектісінен алынатын және аудан көлеміндегі қолданылатын жер салығы үшін алынатын алым мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 30 наурыздағы N 169 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы аудандық Әділет басқармасында 2010 жылы 04 мамырда N 10-5-136 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 маусымдағы N 186 Шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2010.06.24 N 186 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 375,376, 377, 378, 379, 380, 381, 382, 383, 384, 385, 386, 387, 422баптарына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылға арналған арнаулы салық режимінде жұмыс жасайтын кәсіпкерлердің бір салық салу объектісінен алынатын және аудан көлеміндегі қолданылатын жер салығы үшін алынатын алым мөлшері N 1, N 2 қосымшаларда көрсетілген мөлшерде белгіленсін.

2. Қармақшы аудандық мәслихатының 30 наурыз 2009 жылғы N 105 санды "2009 жылға арналған арнаулы салық режимінде жұмыс жасайтын кәсіпкерлердің бір салық салу объектісінен алынатын және аудан көлеміндегі қолданылатын жер салығы үшін алынатын алым мөлшерін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылдың 6 мамырында 10-5-108 болып тіркелген, "Қармақшы таңы" газетінің 2009 жылғы 23 мамырындағы N 43 санды шығарылымында жарияланған) шешімінің күші жойылып, 2009 жылғы 24 желтоқсандағы N 149 шешімі жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезекті	
24 сессия төрағасы	Ә.Дәуленбаев
Аудандық мәслихат хатшысы	М.Ерманов

N p/c	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының ең төменгі мөлшері (айлық есептік көрсеткіш -АЕК)
1	2	3

1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	2
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК